



# АЛМАТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№39 (153) 11 қыркүйек 2026 жыл

13 ҚЫРКҮЙЕК - ОТБАСЫ КҮНІ

## Мерейленген «мерейлі отбасы» алтын арқауы



Алматы облысында отбасылық дәстүрді дәріптеп, балаларын ықпалмен қолдау негізінде тәрбиелеп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап келе жатқан жанұяларға құрмет көрсетілді. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңі жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде өңірдің тандаулы 12 отбасы көпшілікке таныстырылды.

Биыл байқауға облыстың барлық аудандары мен қалаларынан 146 отбасы өтініш берген. Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша үздік деп танылған 12 жанұя салтанатты шараға шақырылды. Олардың тоғыз ынталандыру сыйлықтарымен қатар, 150 мың теңгеден ақшалай жұлдеге ие болды.

Бірінші орын Кеген ауданынан келген Бақашовтар әулетіне бұйырып, 1 миллион теңгенің ақшалай сыйлығы табысталды. Екінші орынды Жамбыл ауданынан шыққан Асқаровтар отбасы иеленіп, 500 мың теңгеге ие болды. Үшінші орын Іле ауданынан келген

Тінібаевтар жанұясына беріліп, 300 мың теңге көлеміндегі жұлдемен марапатталды. Сонымен қатар барлық қатысушылардың балаларына ойыншықтар сыйға тартылды.

- Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген тағылымды сөз бар. Бұл байқау жанұялардың берекесі мен бірлігін ғана емес, қоғамның рухани-адамгершілік негіздерінің нығая түскенін де көрсетеді. Мемлекет басшысы «Бақытты әрі берік отбасы - бақуатты қоғам мен мемлекеттің мызғымас тірегі» деп атап өткен болатын. Адамға ең жақын жандардың өнегесі

арқылы патриотизм, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық пен жасампаздыққа ұмтылу секілді қасиеттер бала бойына ең алдымен отбасында сіңеді, деп жеңімпаздарды құттықтаған Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев отбасылық құндылықтардың өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталып, байқауға атсалысқан барша жанұяларға ризашылығын білдіріп, олардың бала тәрбиесіне, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге және отбасы құндылықтарын нығайтуға қосып жүрген үлесін атап өтті.

Кеш соңында мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылды. Салтанатты шара отбасы берекесін сақтап, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, үлкенге құрмет көрсетіп жүрген отбасылардың өнегесін тағы бір мәрте айшықтай түсті.

Өз тілшіміз.

ТАЛҚЫЛАУ

## ПАЙЫМДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ ЕҢБЕК

Қонаев қалалық кітапханасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті қоғамға-шыншыл сөз» атты кітабын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. Кездесудің негізгі мақсаты - Мемлекет басшысының қоғамдық-саяси көзқарастары мен ел дамуының өзекті бағыттарын қамтитын еңбектің мазмұнын талқылау, кітапта көтерілген мәселелердің қазіргі қоғам үшін маңызын саралау, көтерілген өзекті мәселелер мен маңызды бастамаларды кеңінен насихаттау, заң мен тәртіпті құрметтеу мәдениетін қалыптастыру, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын отаншыл ұрпақ тәрбиесіне үлес қосу болды.



Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев Президент еңбегінің маңыздылығына тоқталып, Мемлекет басшысының ішкі және сыртқы саясат саласындағы мол тәжірибесі кітапта айтылған әрбір ойға ерекше салмақ беретінін атап өтті. Сонымен қатар кітаппен танысу мемлекеттік реформалардың логикасын және елдің тарихи даму

жолын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ұлт сапасы, «Заң мен тәртіп», цифрландыру және жасанды интеллект, ұлттық экономика, халықаралық саясат, «Таза Қазақстан» секілді өзекті тақырыптар айқын көрсетілген кітаптың ел тағдырына бейжай қарамайтын әр азамат үшін құнды дүние деп есептейтінін айтқан Ғани Айдарұлы баршаны бұл жинақты оқып,

ондағы ой-тұжырымдарды зерделеуге шақырды.

Кездесу барысында кітаптың негізгі идеялары, тарихқа құрмет, Отанға адалдық және ел игілігі жолындағы ұстанымдар жан-жақты талқыланды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Ержан Әбдірахманов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, акын-жазушы, журналист Сәуле Досжан, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, заң ғылымдарының кандидаты, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Алматы облысы бойынша филиалының директоры Қазбек Дәуітәлиев Мемлекет басшысының «Әділетті қоғамға-шыншыл сөз» кітабы жайлы өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды.

Кездесу соңында қатысушылар кітаптағы ойларды кеңінен насихаттау, жастар арасында қоғамдық жауапкершілік пен заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру және қоғамдық диалогты одан әрі дамыту бағытында пікір алмасты. Дөңгелек үстел ашық пікір алмасу форматында өткендіктен қатысушылар кітаптың қазіргі қоғам үшін өзекті мәселелерді түсінуге және елдің болашақ даму бағдарларын пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды еңбек екенін атап өтті. Сондай-ақ жастардың қоғамдағы рөлі мен ел болашағына қатысты мәселелерге назар аударды.

Заңғар АЛТАЙ.

### Алматы облысына жаңа әкім тағайындалды

Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен Премьер-министр Олжас Бектенов және Президент Әкімшілігінің басшысы Роман Скляр Алматы облысы мәслихаттары депутаттарының отырысына қатысты.



Роман Скляр депутаттарға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы облысының әкімі лауазымына екі кандидаты: бұрынғы төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов пен Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаевты ұсыну туралы хатын оқыды.

Жиынға 178 депутат қатысты. Ашық дауыс беру қорытындысы бойынша Шыңғыс Әріновтің кандидатурасын депутаттардың 83%-ы қолдады.

Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығымен Шыңғыс Әрінов Алматы облысының әкімі болып тағайындалды.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДА

## АРДАГЕРЛЕР ДӘН РИЗА

Биылғы жылдың мамыр айында республикалық ардагерлер ұйымдарының екінші съезі өтті. Сол басқосуда көтерілген мәселерді басшылыққа алған бастауыш ардагерлер ұйымдары күш-жігерлерін жұмсап, ұйымдастыру жұмыстарын жандандырып жатқаны анық. Мен жетекшілік ететін Шелек ауылындағы бастауыш ардагерлер ұйымы да осы істен шет қалған емес.

Бұрын аудан орталығы болған Шелек ауылында тұратын 35 мыңнан аса тұрғынның 3,5 мыңдайы-зейнеткерлер. Бұл-үлкен күш. Ауылымыз-дәулетіне сәулеті сай іргелі елді мекеннің бірі.

Бастауыш ұйымда қарттарымызға қамқорлық жасап, денсаулығын бекемдеу үшін біраз жұмыстар жасалынды. Жас ұрпаққа жол көрсетіп, оларды дұрыс жолға салу жұмыстарына ардагерлерімізді тарта білдік. Ардагерлер ұйымы мен аналар кеңесінің ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын «Келіндер сыны», «Жігіт сұлтаны», «Бесікке салу», «Ба-тағөй қария» секілді тәрбиелік, ғибрат аларлық басқосулар өткізудеміз. Бұдан тысқары жеті басым бағыттар бойынша іс



жоспарын жасап, мектептерде жастармен кездесіп, олардың арасында түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Осы бағытта өткізілген шаралардың біразы өзіміздің газетіміздің беттерінде де шығып, жарияланып жатқаны анық.

Бәрімізге белгілі, руханиятымыздың бай кенішінің бірі ұлттық «Домбыра күнін» өткізу де дәстүрге айналған. Ауылымыздағы зейнеткер ұстаз, ардагерлер ұйымының кеңес мүшесі, ерекше күйші Рақымбек Қағазбаевтың бастамасымен осымен екі жыл қатарынан Мәдениет үйінде осы шара мерекелік жағдайда ұйымдастырылып, оның шәкірттері бірнеше күй орындап, концерт қойылды.

Ауылымызда «Белсенді ұзақ өмір» орталығы жұмыс істейді. Көктемде оның бір жылдығын атап өттік. Бұл мекеменің әсіресе қарт адамдарға қажет екенін өмір көрсетті. Жасыратыны жоқ, алғаш ашылғанда бұл орталыққа, оның жұмысына, келешегіне тосырқаумен қарағандар болғаны анық. Уақыт өте келе ол өзінің өміршендігін, ардагерлерге қажет орта екенін дәлелдегені анық. Алғаш тосырқағандардың жақсылыққа көздері жеткені сол, осы жерден шықпайды десем, артық айтқаным емес. Қазір ардагерлеріміздің біразын іздесеніз осы жерден табасыз. Осы орталықтағы ашылған топтарда ардагерлеріміз бос уақыттарын өткізуде. Әр ардагер өзі қалаған топтан өзіне қажетті дүниесін алуда. Келгендеріне қуанбаса, ренжімейді. Топ жетекшілері-өз ісін жақсы меңгерген, елмен дұрыс тіл табыса білетін тамаша жандар. Олардың басшылығына, жүргізіп отырған жұмыстарына ардагерлер дән риза.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ,

Шелек ауылдық бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, Алматы облысының Құрметті ардагері.

● БҰАБҰА ҮНДІ АЛТЫН АПАЙ - СЕКСЕНДЕ!

# Киелі сахна адамы

Өмірдің өзені бір қалыппен ақпайды. Бір жағасында бал татыған күндер, бір жағасында маңдайға ашы дәмін сездіретін кезеңдер қатар жүреді. Адам ғұмырдың өткелдерінен өткен сайын тіршіліктің талай сырын таниды. Ал өнер жолына түскен жан оның жарық сахнасын да, тасадағы тар жолын да, көлеңкелі сұрлеуін де көріп үлгереді. Мен мұны осы өнер жолында әжелермен бірге ән айтып жүріп ұқтым.

Сахнадан естілген әуездің ар жағында жылдар бойы жиналған маңдай тер, жүректің толқыны, үнсіз төзім, көзге көрінбейтін кедергі жатады екен. Ал өнер жолындағы ең ауыр өткелдің бірі - қызғаныш. Өйткені өнерді сыртқы дауыспен қатар ішкі ниет те көтереді.

Қарғалы ауылының өнер шежіресінде өзіндік орны бар “Асыл әже, ару келін” вокалды әнші әжелер тобының тарихы осыдан он алты жыл бұрын басталды. 2010 жылдың 25 ақпанында ұлағатты ұстаз, Б. Байқадамов атындағы республикалық хор-акапелла ұжымында ән салған жетекшіміз Әбиева Клара Хайроллақызының бастамасымен әжелер тобының шаңырағы көтерілді. Бұл шаңырақтың астына жиналған әжелердің әрқайсысы бір дәуірдің үнін арқалап келген жандар еді. Олардың көмейінен төгілген әнде жастықтың ізі, аналықтың мейірімі, әжеліктің байыпты үні бар еді.

Арада бес жыл өткен соң 2015 жылдың 13 наурызында облыс көлемінде концерт қойып, өнерімізді қорғап, “Халықтық ансамбль” атағына ие болдық. Қарап отырсаңыз, бұл өнер ұжымының тарихында да бір қызық үйлесім бар: екі белестің де бел ортасынан 13 саны көрінеді. Ал менің бұл ұжымға алғаш келген күнімнің өз жөні бар. Сол кезде көптің арасынан табиғи сұлулығы жасына бой бермеген, жүзінен жылылықтың табы кетпеген, мінезінен әжелік байып аңғарылған бір жанға көзім түсті. Ол Алтын апай еді.

Бірақ мені таңғалдырғаны оның көркі ғана емес. Көмейінен бұлбұлдың таңғы әніндей мөлдір сопрано төгілетін. Алтын апай ән бастағанда өзгелердің дауысына таласқандай болмайтын. Керісінше, әннің



ең биік тұсына қонып, әуеннің ажарын ашып жіберетін бір тылсым үні бар еді. Оның даусынан ғұмырдан сүзілген сыр естілетін. Ән салған сайын көмейінен бір әуез, бір дәуірдің сағынышы шыққандай әсер қалдыратын. Бұл кісінің бойынан қазақ әйеліне тән сабырдың салмағы, ұстамның уызы, өнерге деген іңкәр ықылас пен киелі өнерге деген айрықша құрмет айқын сезілетін. Әнді жай ғана орындамай, оның ар жағындағы халықтың аманатын, әуездің ар жағындағы рухты сезінетіндей еді. Осындай өнерге шын берілген, болмысы мен өнері қабысқан жандардың арасында жүріп, өзім де қайта түлегендей болдым. Отыз жылдай қолыма алмай кеткен қаламымды қайта қолға алып, үнсіз қалған өлеңнің көмейін қайта аштым. Бір кезде ішімде тұнған жыр қайта қозғалып, ақ паракқа қайтадан жол сала бастады.

Алғашқы концертімізді 2010 жылғы 13 наурызда ауылдастарымыздың алдында Қарғалы №2 гимназиясы, қазіргі №3 мектептің акт залында өткіздік. Ал араға бір жыл салып, ұжымның “Тұсаукесер” тойын 2011 жылғы 13 мамырда Жамбыл аудандық мәдениет үйінде үлкен анишлагпен, жоғары дәрежеде атап өттік. Бұл екі күннің де он үшке тоқайласуы да көңілге біртүрлі сырлы сезім ұялататын. Бәлкім, өнердің жолына тағдырдың өзі бір белгі салып қойған шығар. Сол күн әлі көз алдымда...

Үстімізде әнші Жәмиля әжеміз бен Орынбасар ағамыздың перзенті, ұжымымыздың демеушісі Қайрат Орынбасарұлы Ыдырысбаев арнайы алып берген мың дол-

ларлық ұлттық киім. Ал сахна төрінде ақ шағаладай тізілген он үш әже екі дауыспен ән салғанда, зал іші бір сәтке уақыттан ажырап кеткендей еді. Әжелердің үні көкке көтерілген сайын, менің көз алдыма көгілдір аспанда қанатын керіп, үнсіз қалықтаған аққудың бейнесі келетін. Әннің әуені аспанды тербеп, сахнадағы ақ жаулықтар көктемгі бұлттай қалқып, бір-біріне жалғасқан ақ қанаттай әсер қалдырды. Ал көрерменнің қошеметі... Оны ешбір өлшемге сыйғыза алмайсың. Құшақтары гүлге, жүздері нұрға толған он үш әже сахнадан түскенде, сол сәттің өзі бір ғасырға татитындай көрінді. Сол концертте мен әр әжені жай ғана таныстырып қойған жоқпын. Әрқайсысының мінезін өлеңге орап, адамдық болмысын жырға айналдырып, әншілік қасиетін, өнерге деген адалдығын, елге деген ықыласын өлең жолдарымен өріп, концертті жүргізіп тұрып көрерменге таныстырдым.

«Алтын тәтем бір төбе, Жүзі жылы, сымбатты. Қадірлей алмай жүрміз бе, Қолда бар алтын қымбатты. Сазгер Әсет Бейсеуов, «Алтыным» деп жырлаған. Ғажайып гүлзар бақтағы. Бұлбұлдарша сайраған. Күлдайда берген қасиет, Туа біткен дарынды. Иmandылық сеземін, Сабырлы, жарқын жүзінен. Украина, Мәскеу, Моңғолия, Бұл тәтеден қалмаған. Құлансазбен 20 жыл, Лауреат боп шарлаған. Қартайды деп ойлама, Күдайға шүкір қуатты. Дауысы әлі сыңғырлап, Көрерменін таңғалтты» деген

Ал, әжелеріме арнап: «Арқасы қозып, ән салса, Шаршағанды білмейтін. Немереге қамқоршы, Асыл әжем, бұл дейтін. Күн нұрындай шуақты, Жүзі жылы, қуатты, Жарық дүние сыйлаған, Ғасыр әжем сол дейтін. Ғажайып Иран бақтағы, Бұбұлдайын сайраған. Тыңдай білер құлаққа, Керемет сезім сыйлаған. Қамығуды ұмытып, Қуат алдым өзіңнен. Толықсып, толқып отырмын, Әжелер аман болсынмен. Талабымыз оң болғай,

Жеңіске жетіп, той болғай, «Асыл әже, ару келінді», Бір Алла өзі қолдағай. Айналайын ағайын, Аналарды жырлайық. Кейін өкінбес үшін, Тірісінде сыйлайық. Аналардың мейрамы, Құтты болсын демекпін. Дендерінің саулығы, Мықты болсын демекпін деп-жырыма арқау еттім.

Міне, содан бері де қаншама жыл сырғып өтті... Уақыттың өзі талай өнерпаздың тағдырын таразылап үлгерді. Алтын апай Кеңес дәуірінің мәдени тынысынан бастау алып, Тәуелсіз Қазақстанның рухани кеңістігіне, Алматы облысы мен Жамбыл ауданының мәдениеті мен өнеріне өзіндік өрнегін қалдырған жанның бірегейі. Атақты композитор Ә.Бейсеуов негізін қалаған “Құлансаз” ансамблінің абыройын асырған, талай байқаудың лауреаты атанған бұлбұл үнді әншінің өнер жолындағы ізі де, еңбегі де, елге сіңірген қызметі де бүгінде бір белестің биігіне көтеріліп отыр. Кейде адамның еңбегін ел мойындағанымен, сол еңбектің аты мен айрықша белгісін уақыттың өзі күтіп тұратындай көрінеді. Алтын апайдың сексенге таяған шағында өнерге сіңірген еңбегі де өз баға-

Ж.Арғынбаев, Н.Қизатов, Б.Әжіқожаева, Қ.Жарқынбаева жырларын арнаған.

Алтын апаймен бірге талай телеарнаның төрінен көріндік, талай концерттің шымылдығын аштық, аудандық сахналардан бастап Республика сарайына дейін өнер көрсеттік. Тіпті киноға түсіп, ән мен өнердің кадрына, тұтас бір дәуірдің көрінісіне айналған сәттеріміз де болды. Бір кездері Алтын апай Қарғалы ауылының көрінісін суретші Алдабергенов Сәбитке арнайы эскиздетіп, оны ою-өрнекпен көмкеріп, пано кілем мен қоржынды әжелерім Күләйхан, Гүлсара, Гүлсіммен бірге тігіп, «Өлеңнің қара жорғасы» атанған Үмбетәлі музейіне «Асыл әже, ару келін» халықтық ансамблінің атынан сол кездегі музей директоры, ақын Н. Лушниковаға тапсырған еді. Бұл жайлы «Атамекен» газетінде де жазылды. 2013 жылдың аяғында Ұзынағашқа қоныс аударуына байланысты өнер жолын 2014 жылдан бастап, Күміс Пармашқызы жетекшілік ететін «Ақ әжелер» ансамбліне жалғастырды. Бұл ансамблде де көпөнердің құпиясын қойнына бүкпей ою ойып, сырмақ басып, құрақ құрап, көрпе тігіп, ұлттық көпөнердің талай үлгісін дүниеге әкелді. Алайда, 2017 жылы денсау-



сын тауып, ел ықыласының бір жылы лебіне, мәртебелі бір мерейіне айналса деген ой келеді. Өйткені өнерпаздың ғұмырында елдің алғысы ең үлкен марапаттың бірі ғой. Қарғалының ғана емес, күллі Қазақ елінің мақтанышы болған атақты композитор Әсет Бейсеуовтің Алтын апайға «Алтыным» әнін арнауы да тегін емес шығар. 2011 жылы ақпанда «Қазақстан» телеарнасында «Алтыным» әнін Бейбіт Сейдуалиева орындап, Алтын апай құрметті кейіпкер ретінде теледүманға шақырылып, «Алтыным» әні «Қазақтың 100 әні» қатарына кіріп, деректі фильмдер түсірілді. Алтын апайға ақындар О.Әбділдаұлы,

лығына байланысты топтан шықты. Бүгінде сексеннің сегіріне шығып отырған сабырлы да салмақты ой иесіне ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеп, әдемі қартаюды нәсіп етсін демекпін. Өзінен өрбіген ұрпақтарының қуанышына бөленуіне әркез тілектеспін. Алтын апайдың тума талантына, өнерге деген адалдығына, ұлттық өнерге деген кіршіксіз құрметіне шынайы ниетпен шексіз ризашылығымды білдіремін.

**З.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,**  
**«Асыл әже, ару келін» халықтық ансамблінің жетекшісі.**  
Қарғалы ауылы.  
Жамбыл ауданы.

● ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

## «КІТАП – БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ»...

Еліміздің қазір қай түкпірінде болмасын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру» жөніндегі шаралар туралы Жарлығының жаппай қолға алынып, іс жүзіне асып жатқаны жаныңызға жылылық сезімін ұялатады. Кітапқа деген ұмтылыс пен құлшыныс мерейіңізді үстем ете түседі. Мұның бәрі өзімізге деген ортақ қуаныш екені сөзсіз.



Өткен аптада ауданымыздағы іргелі ауылдардың бірінен саналатын Қырғауылды ауылындағы орта мектептің Абай аудиториясында «Кітап – біздің досымыз» атты тақырыпта кең көлемде ұйымдастырылған іс-шара болып өтті.

Қатынасушылар саны даайтарлықтай болды. Бұл игілікті істің ойдағыдай өтуіне

аудан аумағындағы мектеп мұғалімдері және ауылдық ардагерлер мен «Асыл ана» ұйымдары мұрындық болып отыр.

Бұл шараның беташар рәсімін ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Леміс Әбдікерімов және орынбасары Қыдырбай Әбдіразақ ақсақалдар кіріспе сөз сөйлеп ашып, басқосуға жиналған қауымға өз-



дерінің ыстық ықыластарын білдіріп, іске деген сәттіліктер тіледі. Бұдан кейін халыққа мемлекет басшысы ұсынған жеті кітап төңерегіндегі әңгіме мен пікірталас өріс алып жүре берді. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» эпопеясына сараптама жасаған Қырғауылды орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Болған Тәшенова аталған шығарманы бақайшығына дейін терен зерттеп, бес саусағындай жақсы білетін ұстаз екендігімен қатынасушылардың өзіне назарын аударып үлгерді. Оның кітапты талдаудағы танымына риза болмаған адам қалмады десе де болады. Жас ұстаздың жауапкершілік жағдайында жақсы дайындалып келгені әдегеннен-ақ көрініп тұрды. Оның оқушылар алдында да бұл шығарманы еркін оқуға үндеп жүргені де ерінбес еңбегінің нәтижесі болса керек. Оған жұртшылық қошеметпен қол соғып, құрметтерін көрсетті.

Кезекті сөз алған Абай ауылындағы Абай-1 орта мектебінің мұғалімі Ранай Сансызбаева мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері атағының иегері, жазушы-драматург Дулат Исабековтің «Қарғын» романы жайында сөзін сабақтады. Оның ортаға салған ойлары мен өз тарапынан білдірген пікірлері де жүйектерден жол тауып жатты. Кітаптың бас кейіпкері Бағиланың бастан кешкен бар өмірі тілге тиек етілетіні жайлы Ранайдың айтқан кереметтей келісті ойлары кімді болсын тандандырмай қоймайды.

# ОНЫ ОЙЛАСАМ...

Күні кеше ғана мына жарық дүниені жалпағынан басып, қоян-қолтық араласқан мен үшін аттас әрі әріптес, әрі қаламдас болып кеткен Қанат Біржансаловтың орны айырықша бөлек еді. Туған бауырымдай көретін оның біртоға мінезі мен сыбай-салтаң жүре беретін қалпы, өзгермейтін қарапайымдылығы әлі күнге дейін көз алдымның кетпейді. Қазір ойлап қарасам, оның жан дүниесінде және жаратылысында жарқырап жатқан адами асыл қасиеттердің тұнбасын өзімен бірге алып кеткеннен кейін түсінгеніміз үлкен өкінішке айналғанын қалай жасырып, жабайық. «Жақсы адамдарға мына дүние неге таршылық жасайды, неге ол маңдайымызға сыймай кетті?» деген сан сауалдан тұратын сұрақтардың шырмауында қалып, тапырақтап қалатының да бар. Мұның өмір заңдылығы екені де анық. Енді Қанатпен қайнаған өмірде бастан кешкен жәйттарды жайып салғанды жөн көремін.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бел ортасы болатын. Мектеп бітіргеннен кейін Байынқол аңғарындағы геологиялық барлау экспедициясында жұмыс істеп жүрген кезім болатын. Алтын үшін жер астынан шығарылған жылтыраған тастарды қап-қабымен көліктерге тиеп беретінбіз. Ол тастар аптасына бірақ рет шығарылатын. Қалған күндеріміз бос уақытпен өтетін. Жайдан-жай қарап жата алмайсың ғой. Қақпақтағы нағашыларымының ауылын сағынып жүргенмін. Бір күні тәуекелге бел буып, солай қарай тартып кеттім. Ауылдың орталығынан автобустан түсіп, сәл-пәл аялдап тұрдым да, нағашым Жылқышы ағаның үйін бетке алып, жүріп келе жатқанмын. Бір кезде артымның атымды атап, «ағалаған» тосын дауысты естіп, тосылып тұрып қалдым. Қарасам, сымдай тартылған әп-әдемі жігіт:

- Аға, сіз Қанат Тәкебаев емессіз бе? Сізді «Советтік шекара», «Жетісу» газеттеріне жазған мақалаларыңыз бен өлеңдеріңіз арқылы жақсы білемін. Мен Қанат Біржансалов деген ініңіз боламын. Осы Қақпақта тұрамын. Танысқаныма қуаныштымын аға,- деп өзі жайлы біраз әңгіменің басын қайырып тастады. Мен де қарап тұрмай:

- Ой, Қанат бауырым, екеуміз аттас екенбіз. Жазу жағынан сен де құралақан емес екенінді мен де білемін. Аудандық газетке жазғандарыңды оқып жүрмін. Болашақ журналистің нақ өзі болып шығасың,- деп оған деген шынайы тілектестігімді білдірдім.

Сол кезде Қанат «Коммунизм» атындағы совхоз комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарады екен. Ол бір көргеннен-ақ баурап алды. Бойына біткен ұстамдылығы, биязылығы, мәдениеттілігі, сабырлылығы айдай анық көрініп тұрды. Аңқылдаған ақжарқын мінезімен үйіне шақырды. Қалай қарсылық жасайсың. Үйіне бардык. Бізді қалбалақтап, қартайыңқырап қалған қарт анасы қарсы алды. Ол анасы екеуі тапалтақ там үйде тұрады екен. Тұрмыстары да жұпыны. Кітап шкафында жинақтап қойған кітаптары жетерлік. Солардың бәрін оқып тастағаны көрініп тұр.

Қанаттың сондағы айтысына қарағанда, ол мектеп бітіргеннен кейін совхоздағы қара жұмыста, құрылыс нысандарында еңбек етіпті. Мына совхоздың комсомол хатшысы болып жүргеніне біраз уақыт болыпты.



Оның сол кезде өзінің комсомол өмірінен және алдыңғы шепте жүрген жастар туралы жазған мақалаларын жиі оқитынмын. Кәнігі журналистер сияқты қандай тақырыпты болмасын ойнатып жазатын. Оның жазғандарының тартымдылығы ешкімге ұқсамайтын. Осы жолдағы ізденімпаздығы да айырықша көзге ұрып тұратын. Сол таудай талабы оны алға қарай жетелей түсті. «Талпынған жетер мұратқа» деген аталы сөз тегін айтылмапты.

Бір күні газеттің бас редакторы Дәулет Желдікбаев аяқ-асты жиналыс өткізіп жіберді. Оның мәнісін әңгіме барысында санамызға тоқып алдық. Ол әңгіме Қақпақта тұратын Қанат жайында еді. Соны қызметке алсам деген көптен бері көкейінде жүрген ойын көпшілікке жайып салды. Қанат жайлы әңгіме қозғалғанда ешкім қарсы тұра алмады. Сөйтіп ол газет жұмысына белсене араласып кетті. Оған сенім артып редактор жиі іссапарға жіберетін. Сонда ол қарсылықсыз қабыл алып, жіберген жағына ың-дыңсыз кете беретін. Өмір болған соң өзгеріссіз тұра алмайды ғой. Алпы-

сыншы жылдардың аяғында шекаралы аймақтығына байланысты аудандық радио хабарларын тарату редакциясы ашылған болатын. Оның алғашқы күндерінен мен сегізінші сыныптың оқушысы болсам да диктор-машинисткалық жұмысқа конкурстан сүрінбей өтуімнің арқасында жұмысқа қабылдандым. Бара-бара редактор болдым. Осы жұмыста жүргенде мені аудандық халықтық бақылау комитетінің орынбасарлығына шақырды. Ол кезде партбилеті бар адам ештеңеден тартынбай бара береді ғой.

Сонда редакцияның және райкомның шешімімен Қанат аудандық радио редакциясының редакторы болып тағайындалды. Ол сол уақыттарда газетте фотокорреспондент болып жүрген Жұмабек Түрдиев екеуі ҚазГУ-дің журналистика факультетіне сырттай түсіп, студент атанып жүрген кездері еді. Жұмабек Текес ауылынан барып, келіп істейтін. Екеуінің қашан болсын жұптары жазылмайтын. Үнемі бірге жүретін.

Сол жылдары ауданның тарап кеткені кімге болсын оңай тиген жоқ. Газет жабылып қалды. Атауы өзгермей Кегеннен шығып жатты. Мені газет ауданның Нарынқол аймағындағы және облыстық «Жетісу» газеті Нарынқолдағы әрі Кегендегі меншікті тілшісі етіп қызметке қабылдаған болатын. Сол уақытта аудандағы журналистер қауымы қайда барарын білмей абдырап қалды. Қанат та жұмыссыз ауылында жүріп жатты. Бір күні маған Қарасай аудандық әкімінен аудандық газеттің орынбасарлығына шақырған шақырту қаға-

зы келіп тұр. Ары ойланып, бері ойланып бір жауабын беруге тура келді. Тәуекелге бел буып, баратын болдым. Атқарып жүрген қызметтегі орнымды кімге беремін деген сұрақ туындағанда бірден ойыма Қанат түсті. Оның үйіне телефон соғып, оған бар мән-жайды түсіндірдім. Ол қуанып кетіп, бірден келісімін берді. Осылайша Кеген аудандық және облыстық «Жетісу» газетінің меншікті тілшісі болып, ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Өмірінің соңына дейін осы газеттерде жұрып шынайы журналист екенін танытты. Оны облыс оқырмандары жоғары бағалады.

Бір айта кететін жәйт, осы облыстық газетте меншікті тілші болып жүрген кезінде Қанат қазақ журналистикасындағы өзінің өзгеге өнеге боларлық, ауыз толтырып айтарлық қомақты қолтаңбасын қалдырды. Оның Кеген мен Райымбек аудандарынан өзекті мәселе бойынша ұйымдастырған беттері ешкімді де бей-жай қалдыра қоймайтын. Қандай мәселені көтерсе де жеріне жеткізіп жазатын. Әсіресе, проблемалық мәселелерді көпшіліктің алдына көлденең



тартқанда да білермендігі мен сауаттылығы адам баласын тартып тұратын. Сондай-ақ, екі аудандағы бетке ұстап жүретін беделді адамдар жайлы эсселері мен очерктерінде еркін көсілетін.

Оның адал еңбегінің бағаланбай қалған кезі жоқ. Жанкешті журналистік еңбегі үшін талай рет лайықты марапаттарға ие болды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде шығарған кітаптары да жоқ емес. Оның жазған өлеңдерін, басқа да шығармаларын тебіренбей оқу мүмкін емес. Соның бәрі көзімен көріп, көңіліне тоқыған көркем дүниелер екенін оқырман қауым жақсы біледі. Міне, халық сүйген қаламгер Қанат Біржансаловтың дүниеден қайтқанына да үш жыл болып қалыпты. Менің біте қайнасып, бірге араласқан оның арамызда жоқтығы әлі күнге дейін қабырғамды қайыстырады. Оған деген өкініштің орнын немен толтырарыңды білмейсің. Тағдырдың жазуына қолдан келер шара жоқ. Тірі адам тіршілігін жасай береді. Қанаттың артында қалған отбасы өсіп, өркендеу үстінде. Ұл-қыздары тәлім-тәрбиенің орны бөлек өнегесін көрсетіп, халықтың бел ортасында жүріп жатыр. Біз соған қуанамыз. «Қанаттың балалары» деген атқа шаң жуытып көрген емес.

Осы жерде орайы келіп тұрғанда, Қанаттың туған қызы Индира жайлы ерекшелеп айта кеткен артық болмайды. Ол-Қанаттың жолын жалғастырып келе жатқан белгілі журналист. Индира Қанаттың көзі тірі кезінде мерзімдік басылымдарға түрлі тақырыптарда мақалалар жазып тұратын. Оның есімі халыққа сол кезде таныла бастаған. Қазір оның қанаты қатайған республикаға танымал журналистердің қатарында. Өткен жылдың өзінде оның форматы тіптен үлкен Қарасай аудандық «Naqty» газетінде бет-беттен тұратын көлемді материалдар жарияланып, халықтың назарын ерекше аударды. Қазір Индира халықаралық «Қазақ» газетінде белді қызметте. Біз оның болашағынан үлкен үміт күтеміз. Мен Қанат қаламдасымды емірене еске ала отырып, мына бір өлең жолдарын арнадым:

Үш жыл бопты сен кеткелі арадан,  
Халық саған қадірлеумен қараған.  
Тірлігінде жасап кеттің талайды,  
Кетпей жүр ғой кереметің санадан.

Жазу десе жан салмадың бөгелмей,  
Көрінуші ең әрқашан да шебердей.  
Жарқыратып бәрін жазды қаламың,  
Жер жоқ саған Райымбек, Кегендей.

Жастығыңда жалындатып от өрдің,  
Басқа түкен бейнетті де көтердің.  
Журналистік тұғырың да биік боп,  
Өткізбедің өміріңде бекер күн...

Өмір деген бұза алған жоқ ырғағын,  
Көріп жүрміз күнделікті зырлауын.  
Жанымызға батады ғой көргенде,  
Сенің орның үңірейіп тұрғанын...

Халқың сені ұмытқан жоқ әлі де,  
Мән беріп жүр өткеніңнің бәріне.  
Екі ауданың еске алып жүр өзіңді,  
Жастауы да, жасамысы, кәрі де...

Аман-есен жүріп жатыр ұл-қызың,  
Ерекше ғой Индирадай құндызың.  
Жазуынды жалғастырып ол жатыр,  
Халық білді журналистік жұлдызың.

Қайтейік біз, қара жерді қармадың,  
Көп еді ғой, көрсем деген арманың.  
Айтарымыз, бала-шағаң аман боп,  
Қолдай берсін, рухың мен әруағың!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,  
Қазақ журналистикасының қайраткері.

# «КІТАП - БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ»...

(Жалғасы. Басы 2-бетте)

Бәрінен де оқырмандар тарапынан қойылған: «Қарғын» деген сөз қандай мағананы білдіреді?» деген сауалына да берген жауабы әрі қысқа, әрі нұсқа болды. «Қарғын» деп көктемдегі қар мен судың өзендерде арнасынан асып жататын сәттер екенін тыңдаушыларға анықтап әрі айшықтап тұрып жеткізді. Осы кітапқа деген жасалған талдау көптің көңілінен шықты. Кітаптағы кейіпкерлердің прототипі жайлы айту өте ұзақ әңгіме.

Осынау басқосуда Мәлік Ғабдуллин атындағы орта мектептің физика пәнінің мұғалімі Ақниет Қонарбаева және тарих пәнінің мұғалімі Табарак Ризабекұлы танымал жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы жайлы жан-жақты жақсы талдау жасағанын айтпай кетсек, кемістік жасағанымыз болады. Ол екеуі осы роман қойнауындағы бастан кешкен тарихи оқиғаларды нақты дәлелдер бойынша нақпа-нақ көз алдыңызға көлденең тартып береді. Сонымен қатар бұл кітаптың сол уақытта Қазақстанның Россияға қосылуының 250 жылдығына байланысты жазылғанын да ақиқат шеңбері айналасында айтып өтеді. Кітап мазмұнына кінәратсыз талдау жасайды.

Осыдан кейінгі таразы талқысына түскен қазақ мақтанышына айналған жазушы Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» атты шығармасы болды. Бұл жөнінде ұстаздар Кенжегүл Төлеу мен Мереке Күзембаева өздерінің ортаға салар ойларын емін-еркін жеткізді. Осы әңгімедегі бакытсыздық жағдайларының адам баласының арасында екінің бірі бастан кешіп келе жатқанын да жасырмайды. Шындығында осы шығарманың бас кейіпкері жазып отырған жазушы мен оның махаббаты Бақыттың бастан кешкен тағдырына күйзелмей, күніренбей отыра алмайсыз. Бұл шығарма өмір жолыңызда сабақ алар дүние екені даусыз. Бұл кітапты оқу керек.

Ендігі бір сәтте Ушинский атындағы орта мектептің мұғалімі Дәуренбек Досболов Смағұл Елубайдың «Ақбоз үй» романын талдауда алдына жан салмады. Бұл ұстаздың әдебиетке жан-тәнімен берілген ұстаз екені, сөзге деген шешендігі мен әдебиетке қойылатын жанрлық талаптарды бүге-шігесіне дейін тоқтаусыз айтып беретіні оның толысқан ұстаз екенін бірден айқындап берді. Романдағы кездесіп жататын жөнсіздіктер мен жолсыздықтарды да асқан тиянақтылықпен жете түсіндіріп берді. Дәуренбек Досболов өзіне белгіленіп берілген уақытты толығымен қамтамасыз ете алды. Талабы таудай ұстаздың әдебиет жағынан қандай тапсырма берісе де шаң жуытпай мінсіз орындап шығатынына қатынасып отырғандардың олардың оған деген білдірген лебіздерінен анық аңғардық.

Кезекті шығарма атақты жазушы Мұхтар Мағауиннің «Апасайыран» романы екенін айта кеткен артақ болмайды. Аталған шығарманы Абай атындағы орта мектептің ұстаздары Әйгерім Батанова мен Әйгерім Жүнісбай болды. Екі ұстаз да тарихи романның қамтып отырған деректері мен дәйектерін рет-ретімен басынан аяғына дейін байыппен әңгімелеп берді. Қатынасушылар тарапынан қойылған көптеген сұрақтарға да орнықты жауаптарын беріп отырды. Қос ұстаз аталған шығармадан басқа Мағауиннің «Бір атаның балалары», «Қыпшақ аруы», «Тазиының өлімі», тағы басқа көптеген шығармаларының бар екенін орынды түрде мақтаныш етті.

Осы жерде Кенен Әзірбаев атындағы орта мектептің мұғалімі Маржан Токушеваның көптеген тарихи романдардың авторы атанған Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» атты дилогиясына өте мұқият дайындалып келгенін көрсете білді. Аталған шығарманың «Алмас қылыш», «Қаһар», «Жанталас» атты кітаптардан тұратынын айта келіп, оның әрқайсысына көп ізденіс жасағанын көрсетіп, мол білетіндігімен жұртшылықты риза етті. Оның осы шығарманы оқушыларына түбегейлі түрде түсіндіріп жатқанына ешкім де шек келтіріп, күмән туғыза алмайды. Ол нағыз ұстаз екен.

Мәні мен маңызы жоғары бұл үлкен іс-шарада ауыл ақсақалдары Леміс Әбдікерімов, Қыдырбай Әбдіразақ және аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов, «Асыл ана» ұйымының төрайымы Ұлтай Бархинова-лар қорытынды сөз сөйлеп, ұстаздар қауымына кітап оқуды дамыту ісіне осындай белсенділіктерімен атсалысуларына жемісті жетістіктер тіледі. «Кітап біздің досымыз» іс-шарасы басқа мектептер үлгі алатындай салтанатты жағдайда ұйымшылдықпен өтті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,  
ардагер-журналист.  
Қырғауылды орта мектебі.  
Қарасай ауданы.

ЖЕНЩИНЫ ЖАНА АРНЫ

Активистка Айткуль ана

Дорогие читатели нашей газеты «Алатау Ардагерлері»! Сегодня я хочу продолжить серию начатых рассказов о наших женщинах — активистках, ветеранах, патриотках родного аула. Ведь именно благодаря им у нас происходят многие хорошие изменения, направленные на сплочение людей, общение и раскрытие их творческого потенциала.

Одна из таких женщин — Тойлыбаева Айткуль. У неё трое детей, 9 внуков и 16 (!) правнуков! Представляете?!

Известная казахская поговорка гласит: «Шөберенің

қолынан су іш!» Дословно: «Попей воды из рук правнука!» Есть и другое пожелание: «Жасың ұзақ болсын, шөбере сүй!» — «Пусть лета твои будут долгими, поняни правнуков!» Это глубокое, уважительное пожелание долголетия. Так что наша Айткуль ханым счастлива десятки раз!

Но, несмотря на годы, наша Айткуль ханым не собирается сидеть дома. Она по-прежнему активна, возглавляет недавно созданный ансамбль ажелер, репетирует с ними, решает организационные вопросы, возит их на концерты и конкурсы.

В наше село она попала



молодой, 18-летней девушкой из города. Сразу же приняла специфику сельской жизни: работала на домашнем подворье, доила коров, сажала картошку и овощи в огороде. А ещё ездила в город Капшагай (нынешний Конаев), где работала кассиром на автовокзале.

Про таких, как Айткуль ханым, говорят: «Лёгкая на подъём». Она быстро принимает решения и реализует их.

У Айткуль ханым есть хобби — она шьёт национальные корпешки, которые пользуются большим спросом у односельчан и на сельских ярмарках.

Она любит петь и, повторюсь, благодаря ей был соз-

дан и уже третий год действует наш сельский ансамбль бабушек. А ещё при поддержке Айткуль ханым у нас появился ансамбль домбристов из числа учащихся школы.

Такие люди, как Айткуль ана, своим примером показывают, что возраст — не преграда для активной, насыщенной и полезной жизни. Их энергия, любовь к родному аулу и стремление объединять людей заслуживают искреннего уважения и благодарности.

Галина ИГИБАЕВА,  
жительница  
микрорайона Жана Арна  
города Алатау

АУЫЛ ЖАҢААЛЫҒЫ



Домбыра ауылы

Елден шығып, жырақта жүрген жерлестеріміздің ауылға қайта оралып, кәсіп ашып, аудан дамуына үлес қосуы бізді тек қуантады. Осындай бір іс-шараның куәсі болдық.

Райымбек ауданы Көкбел ауылына қарасты Көксай ауылында “Домбыра ауылы” атты қымызхана ашылды. Бұл – ауыл тұрғындары үшін қуанышты жаңалық және өңірге келетін меймандар үшін де демалысқа қолайлы орта.

Ауылдастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды бастама үшін алғыс білдіреміз. Өңірде осындай ұлттық сусынды дәріптейтін қымызхананың ашылуы туризмді дамытуға да серпін береді.

Осы күні “Ауыл спорты – аудан мерейі” атты мәдени-спорттық іс-шара да қатар өтті. Шараның негізгі мақсаты – ауыл жастары арасында спортты насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық спорт түрлерін дәріптеу. Бірлігіміз бекем болсын, жерлестер!

Өз тілшімізден.  
Райымбек ауданы.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Электромагниттік сәулеленудің адам ағзасына әсері

Электромагниттік өріс – электр және магнит өрістері бір-бірімен өзара байланысты және бірін-бірі тудыруы мүмкін, сондықтан олар бір электромагниттік өріс ретінде бірге айтылады. Электромагниттік сәулелену кез-келген электр тогының көздерінен (жоғары жиілікті өнеркәсіптік генераторлар, теледидар және радиолокациялық станциялардың генераторлары, рентген қондырғылары және басқа көздер) энергияның сәулеленуіне байланысты пайда болады.

Магнит өрістері электр тогы өтетін жерде пайда болады: тоқ неғұрлым күшті болса, магнит өрісі соғұрлым күшті болады.

ЭМӨ, жиілік деңгейі мен диапазонына қарамастан, санитариялық-эпидемиологиялық нормалауға жатады.

Адам ЭМӨ-ді көрмейтіндіктен және сезінбейтіндіктен, ол әрқашан олардың қауіпті әсерінен сақтанбайды. Электромагниттік сәулелер адам ағзасына зиянды әсер етеді. Электромагниттік өрістерге әсер етудің өте ұзақ, тұрақты және жоғары деңгейі мыналарға әкелуі мүмкін: шаршаудың жоғарылауы, ұйқының бұзылуы, бас ауруы, қан қысымының төмендеуі, жүрек соғу жиілігінің төмендеуі, орталық жүйке жүйесі ауруларының дамуы, аллергиялық реакциялар.

Өнеркәсіптік жиілік токтарының ЭМӨ әсерінен ұжымдық қорғаныс құралдарының негізгі түрлері - экрандау құрылғылар. Экрандау жалпы және жеке болуы мүмкін (бөлек).

Жалпы экрандау кезінде жоғары жиілікті қондырғы металл қақпақпен жабылады. Оранату корпусының қабырғаларындағы терезелер арқылы басқарылады. Қауіпсіздік мақсатында қаптама қондырғының жерге тұйықталуымен жанасады. Жалпы экрандаудың тағы бір түрі — жоғары жиілікті қондырғыны қашықтан басқарылатын бөлек бөлмеге оқшаулау. Құрылымдық экрандау құрылғылар күнқағарлар, шатырлар немесе металл арқандардан, шыбықтардан, торлардан жасалған бөлімдер түрінде жасалуы мүмкін. Портативті экрандар алынбалы күнқағарлар, шатырлар, қалқандар және т. б. түрінде жасалуы мүмкін. экрандар қалыңдығы кемінде 0,5 мм қаныттыр металдан жасалған.

Жеке экрандау жиынтықтардың құрамына арнайы киім, арнайы аяқ киім, бас, қол және бетті қорғау құралдары кіреді.

Радиожиілік диапазонындағы ЭМӨ көзімен жұмыс істеуге арналған өндірістік үй-жайларды жалпы үй-жайларда да, жеке үй-жайларда да орналастырылуы ҚР ДСМ 2022 жылғы 28 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығы «Радиотехникалық объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Әсер ету жағдайларына, сәулелену көзінің сипаты мен орналасқан жеріне байланысты ЭМӨ-ден қорғаудың қосымша әдістері мен құралдары:

электромагниттік толқындардың энергия ағынының кернеуі мен тығыздығын төмендететін сәйкес жүктемелер мен қуат сіңіргіштерді пайдалану;

жұмыс бөлмесінде жабдықты ұтымды орналастыру;

жабдықтың ұтымды жұмыс режимдерін және персоналдың еңбек режимін таңдау.

Білім беру объектілерінде тамақтан уланудың алдын алу

Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіз және сапалы тамақтануын қамтамасыз ету – санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықтың маңызды бағыттарының бірі.

Тамақтан уланудың алдын алу мақсатында ас блогында санитариялық талаптар қатаң сақталуы қажет. Азық-түлік өнімдерін қабылдау кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары, жарамдылық мерзімі және сақтау жағдайы тексеріледі. Тез бұзылатын өнімдерге бракераж жүргізіліп, тиісті журналға тіркеледі.

Сонымен қатар, шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтау, тағам дайындау технологиясын сақтау, ас үй жабдықтары мен ыдыстардың тазалығын қамтамасыз ету, қызметкерлердің жеке бас гигиенасын сақтау маңызды.

Бұл талаптар ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен және 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қағидаларымен реттеледі.

Санитариялық талаптарды сақтау – тамақтан уланудың алдын алып, балалардың денсаулығын қорғаудың негізгі кепілі.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

